**Қазақстанның туристік беделін қалыптастыру жөніндегі 2000-2003 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 26 қазан N 1604

Қазақстан Республикасында халықаралық туризмді одан әрі дамытуды ынталандыру, мемлекеттің туристік әлеуетін дүниежүзілік туристік рынокта таныту жөніндегі жұмысты күшейту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстанның туристік беделін қалыптастыру жөніндегі 2000-2003 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі мен Жоспардың басқа да жауапты орындаушылары оның іске асырылуын республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшіліктеріне тиісті жылға көзделген қаражаттың шегінде қамтамасыз ететін болсын.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне жергілікті

бюджеттердің шығыстарында Қазақстанның туристік беделін қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруды көздеу ұсынылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 26 қазандағы
N 1604 қаулысымен
бекітілген

Қазақстанның туристік беделін қалыптастыру жөніндегі 2000-2003
жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

---------------------------------------------------------------------------

Р/б! Іс-шара ! Аяқтау нысаны ! Орындалуына ! Орындалу
N ! ! ! жауаптылар ! мерзімі

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| --- | --- | --- | --- | --- |
| 1 | Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің жанынан Ақпараттық оқу-әдістемелік туристік орталық құру | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ТурСА | 2001 жыл ақпан |
| 2 | Облыс орталықтарында, Астана және Алматы қалаларында туристік ақпараттық орталықтар құру | Әкімдердің шешімдері | Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері | 2001 жыл |
| 3 | Алматы қаласында "Жібек жолы - Қазақстан" халықаралық фестивалін өткізу | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | ТурСА, СІМ, ІІМ, ККМ, Алматы қаласының және облысының әкімдері | 2001 жыл қазан, 2003 жыл |
| 4 | Дүниежүзілік туристік ұйымның қолдауымен "Туристік білім берудің халықаралық стандарттары" тақырыбында халықаралық семинар өткізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ТурСА, БҒМ, СІМ | 2001 жыл желтоқсан |
| 5 | Қазақстанның Берлин қаласындағы (Германия Федеративтік Республикасы) ІТВ халықаралық туристік биржасына қатысуын ұйымдастыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп | ТурСА, СІМ | 2001-2003 жылдар сәуір |
| 6 | Қазақстанның Мәскеу қаласындағы (Ресей | Қазақстан Республикасының | ТурСА, СІМ | 2001-2003 жылдар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Федерациясы) "Туризм және саяхат" Мәскеу халықаралық көрмесіне қатысуын ұйымдастыру | Үкіметіне есеп | | сәуір |
| 7 | Қазақстанның Ташкент халықаралық туристік жәрмеңкесіне (Өзбекстан Республикасы) қатысуын ұйымдастыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп | ТурСА, СІМ | 2001-2003 жылдар қараша |
| 8 | Қазақстанның Лондон қаласындағы (Ұлыбритания) Дүниежүзілік туристік биржаға қатысуын ұйымдастыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп | ТурСА, СІМ | 2001-2003 жылдар желтоқсан |
| 9 | Қазақстанның Дүниежүзілік туристік ұйымның Европаға арналған комиссиясының кезекті мәжілістеріне қатысуын ұйымдастыру | Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысы | ТурСА, СІМ | жыл сайын |
| 10 | Қазақстанның Дүниежүзілік туристік ұйымы Бас ассамблеясының XIV сессиясына қатысуын ұйымдастыру | Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысы | ТурСА, СІМ | 2001 жыл |
| 11 | Қазақстанның Барселона қаласындағы (Испания) Спорт және туризм жөніндегі Дүниежүзілік конференцияға қатысуын ұйымдастыру | Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысы | ТурСА, СІМ | 2001 жыл қаңтар |
| 12 | Қазақстанның Дүниежүзілік туристік ұйымы Бас ассамблеясының XV | Қазақстан Республикасының Үкіметінің | ТурСА, СІМ | 2003 жыл |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сессиясына қатысуын қамтамасыз ету | қаулысы | | |
| 13 | Қазақстанның табиғаты, мәдениеті және дәстүрлері туралы бейнерөліктер жасау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ТурСА, ККМ, Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2001 жыл желтоқсан |
| 14 | Қазақстанның туристік рыногының мүмкіндіктері туралы ақпараттық-жарна. малық материалдардың базалық пакетін әзірлеу: | Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп | ТурСА, ККМ, Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері | 2003 жыл мамыр |
| 14.1 | Туризмнің түрлері бойынша жарнамалық буклеттер жасау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ТурСА, ККМ, Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері | 2001-2003 жылдар шілде |
| 14.2 | "Қазақстанның туристік мүмкіндіктері" брошюраларын жасау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ТурСА, ККМ, Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері | 2001 жыл шілде |
| 14.3 | Цифрлық тасымалдаушыларда "Қазақстан - жаңа бірегей туристік объект" жарнама. лық-ақпараттық материалда. рын жасау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ТурСА, ККМ, Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері | 2002 жыл шілде |
| 14.4 | Қазақстанның ұлттық | Қазақстан | ТОҚМ, | 2002 жыл |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | парктері, қорықтары, табиғат ескерткіштері және басқа да табиғи қорық қоры объектілері туралы фотоальбомдар мен буклеттер жасау | Республикасының Үкіметіне ақпарат | облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | желтоқсан |
| 14.5 | "Ұлы жібек жолы - Қазақстан" жарнамалық-ақпараттық пакетін жасау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | "Жібек жолы - Қазақстан" ұлттық компа. ниясы" ААҚ, МАКМ, ТОҚМ, ККМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2001 жыл қазан |
| 15 | Республиканың туристік объектілері туралы жарнамалық-ақпараттық материалдар және Қазақстан Республикасына келетін шетелдік азаматтарға арналған жадынамалар жасау, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің шет елдердегі мекемелері және ұлттық тасымалдаушылар арқылы тарату | Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп | ТурСА, СІМ, ККМ | 2001-2003 жылдар қараша |
| 16 | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің шет елдердегі мекемелерінде туристік брифингтер, баспасөз конференцияларын өткізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ТурСА, СІМ | Жыл сайын қыркүйек |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 17 | Қазақстанның туризм саласының мүмкіндіктері туралы Қазақстанның баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар ұйымдастыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ТурСА, МАКМ | Жыл сайын желтоқсан |
| 18 | Кең ауқымды әлемдік ақпарат жүйесінің шеңберінде Қазақстан Республикасындағы туризм туралы тұрақты және жаңартылып тұратын ақпарат орналастырылатын WEB-сайт құру және қолдау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп | ТурСА, ККМ | 2003 жыл қыркүйек |
| 19 | Туристік ақпараттық бюллетеньдер, туристік фирмалар мен бағыттар, қонақ үй шаруашылығы объектілерінің каталогтарын шығару | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ТурСА, МАКМ, ТОҚМ | 2001 жыл желтоқсан |
| 20 | Қазақстанның туристік бағыттары бойынша карталар жасау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ТурСА, ТОҚМ | 2001 жыл қыркүйек |
| 21 | Қазақстан Республикасында өтетін халықаралық мәдени, спорт іс-шаралары, бизнес-форумдар, конференциялар, басқосулар, көрмелер туралы ақпараты бар орыс және ағылшын тілдерінде жыл сайынғы дайджест шығару | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАҚМ, ТурСА, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасының мүдделі ведомстволары | 2001 жыл тамыз |
| 22 | Каспий теңізі бойынша халықаралық туристік | Қазақстан Республикасының | ТурСА, ККМ, Маңғыстау | 2002 жыл қазан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бағыттың жобасын әзірлеу және оны іске асыру | Үкіметіне ақпарат | облысының әкімі, СІМ | |
| 23 | Шетелдік туристерге виза беру рәсімін оңайлату жөніндегі іс-шараларды іске асыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп | СІМ, ІІМ | 2000-2001 жылдар қазан |
| 24 | Шекаралық және кедендік тексеру мен тіркеуден өту кезінде шетелдік туристерге қолайлы жағдай туғызу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп | МКМ, ҰҚК (келісім бойынша), ІІМ, ККМ | 2000 жыл қараша, 2002 жыл |
| 25 | Шетелдік туристерге арналған "Жедел желі" ақпараттық-анықтамалық телефон қызметін ұйымдастыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп | ККМ, ТурСА, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2002 жыл қыркүйек |
| 26 | Жібек жолы бағыты бойынша халықаралық туристік поезд ұйымдастыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | "Қазақстан темір жолы" РМК (келісім бойынша), ККМ, ТурСА | 2003 жыл тамыз |
| 27 | Қазақстанның туристік саласының көрмелерде, жәрмеңкелерде конференцияларда және т.с.с. тұсаукесерін өткізуге қажетті жабдықтарды сатып алу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп | ТурСА | 2001 жыл маусым |
| 28 | Халықтық қолөнер, қолданбалы өнер, ұлттық тағамдар кәсіпорындарын ұйымдастыруға жағдай жасау, оларға ақпараттық және әдістемелік | Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп | ТурСА, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының | Жыл сайын мамыр |

көмек көрсету әкімдері,
МАКМ

------------------------------------------------------------------------

Оқығандар:
Багарова Ж.А.
Омарбекова А.Т.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК